

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 16 сәуір

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Қыдырәлі Дархан Қуандықұлына беріледі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Құрметті Төраға, қадірлі әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Екі елдің ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеруді көздейтін құжатқа Мемлекет басшылары Қазақстан Республикасы Президентінің Тәжікстан Республикасына жасаған мемлекеттік сапары аясында 2024 жылғы 22 тамызда Душанбеде қол қойған.

Өздеріңізге мәлім, біздің еліміз үшін Тәжікстан маңызды әрі сенімді стратегиялық серіктес. Мемлекет басшыларының саяси ерік-жігері мен түрлі платформаларда өзара кездесулері екіжақты ынтымақтастықты сапалы түрде тереңдетуге серпін берді. Парламентаралық байланыстар да айтарлықтай жандана түсті. Жыл сайын Үкіметаралық комиссияның отырыстары өткізіледі, өңірлер арасындағы байланыстар жолға қойылған. Мәдени-гуманитарлық, сауда-экономикалық ынтымақтастық жүйелі түрде дамып келеді. Екі ел арасындағы тауар айналымы тұрақты түрде 1 миллиард доллардан асады. Қазір екі

елдің үкіметтері бұл көрсеткішті 2 миллиард долларға дейін ұлғайту бағытында жұмыс жүргізуде.

26 бабтан тұратын шартта саяси, әскери, сауда-экономикалық, ауыл шаруашылығы, көлік-транзиттік, азық-түлік, өнеркәсіптік, су-энергетикалық, экологиялық, цифрлық, әскери, білім беру және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты жан-жақты кеңейту көзделген. Сонымен қатар шартта тараптар парламентаралық ынтымақтастықты да одан әрі нығайтуды қолдайды.

Қымбатты әріптестер! Осындай шарт бұдан бұрын аймақта көршілес Өзбекстан және Қырғызстан елдерімен жасалғаны белгілі. Сондықтан бұл құжат Орталық Азиядағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдете түседі деген сенімдеміз.

Шартты ратификациялау аймақтағы саяси, экономикалық, гуманитарлық байланыстарды және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимылды дамыту арқылы екі елдің ырысты ынтымағына берік негіз болады деген ойдамыз. Осыған байланысты шарт елдеріміздің мүдделеріне толық сай келеді деп пайымдаймыз.

Тәжік тарапы ратификация рәсімдерін аяқтағаны туралы 2025 жылғы 17 қаңтарда ноталық тәртіппен хабарлады.

Заң жұмыс тобында, комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен оң қорытынды алынды. Құжатты қабылдау мемлекеттік бюджеттен қаржылық шығындарды талап етпейді.

Баяндалғанды ескере келе Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства иностранных дел.

Как известно, рассматриваемый договор представляет собой значимый стратегический документ, призванный вывести двустороннее взаимодействие на качественно новый уровень. Заключение подобных соглашений отражает высокий уровень политического доверия, а также взаимную заинтересованность в углублении сотрудничества по широкому спектру направлений – от экономики и безопасности до гуманитарной и культурной сфер.

В частности, статья 15 договора затрагивает вопросы сохранения языка, культуры и самобытности этнических групп, что имеет важное значение для укрепления гуманитарных связей и межкультурного диалога. В свою очередь, статья 17 предусматривает развитие социально-гуманитарного сотрудничества, охватывающего такие ключевые направления, как образование, наука, культура, информационное взаимодействие и подготовка кадров.

В этой связи прошу уточнить.

Какие конкретные обязательства, включая финансовые и организационные, предусмотрены сторонами в сферах образования, развития культурной и образовательной инфраструктуры, информационной поддержки?

Какие механизмы и инструменты реализации данных положений закреплены на практике? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрінің орынбасары Исетов Арман Асқарұлы, жауап беріңіз.

ИСЕТОВ А.А. Құрметті Айнұр Серікпайқызы, сұрағыңызға рақмет.

Действительно, статьями 15 и 17 предусматриваются положения о культурно-гуманитарном сотрудничестве. Хотел бы отметить, что это базовые положения, которые закрепляют именно направления и основы сотрудничества. Практическая реализация этих положений ведется через сотрудничество между соответствующими профильными ведомствами, агентствами Республики Казахстан и Республики Таджикистан, между регионами обеих стран. Как вы знаете, у них есть свои бюджеты, создаются дорожные карты, планы, в рамках которых конкретно обсуждаются вопросы финансирования, на какой основе будут проходить эти мероприятия. Соответственно, детальная проработка организационных, финансовых и практических механизмов сотрудничества в рамках этих статей проводится на уровне соответствующих профильных ведомств, министерств и регионов обеих стран.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Аққожина Бибігүл Бүркітқызына беріледі.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақтарым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Қарастырылып отырған келісім әртүрлі салалардағы екіжақты өзара іс-қимылды одан әрі кешенді дамытуға бағытталған. Менің сұрақтарым осыған байланысты.

Аталған келісімді іске асыру шеңберінде жақын перспективада қандай нақты бірлескен инвестициялық жобалар бойынша ең жоғары өсім күтіледі?

Орта мерзімді перспективада біздің елдеріміз үшін осы келісімді іске асырудан қандай негізгі экономикалық тиімділіктер күтілуде? Рақмет.

ТӨРАҒА. Исетов Арман Асқарұлы, жауап беріңіз.

ИСЕТОВ А.А. Сұрақтарыңызға рақмет.

Новых механизмов на данном этапе мы не видим. В целом в двустороннем формате проводится работа в рамках совместной работы между профильными ведомствами, организуются встречи, обмен опытом, подготовка кадров, экспертиза наркотических веществ с обеих сторон, каких-то новых предметных вариантов.

В рамках многостороннего сотрудничества у нас есть механизм ЦАРИКЦ, есть сотрудничество с таджикскими коллегами по линии Организации Договора о коллективной

безопасности, есть механизм в рамках ШОС, офис которой планируется открыть в Таджикистане. То есть сотрудничество по всем этим направлениям и в Соглашении о стратегическом партнерстве предусмотрено.

В соответствии с тем, что Соглашение о союзническом партнерстве дает более широкий формат сотрудничества, мы рассчитываем, что по этой линии сотрудничество между профильными ведомствами будет расширяться.

ТӨРАҒА. Речь идет об экономической составляющей нашего союзничества. В этом плане мы знаем, что по инициативе нашего Президента Касым-Жомарта Кемелевича Токаева в целом активизируются наши торговые, инвестиционные контакты со странами Центральной Азии, в данном случае с Таджикистаном соответствующее соглашение мы рассматриваем.

Есть определенные форматы, бизнес-форумы, определенные наработки со стороны Правительства. Конечно, не вызывает сомнения, что в дальнейшем, после принятия этого закона, после вступления соглашения в силу активизируются экономические контакты, появятся новые инвестиционные проекты. Я думаю, сейчас и у казахстанских предпринимателей большой интерес к инвестированию в Центральную Азию, в Таджикистан, и таджикские предприниматели тоже заинтересованы дальше расширять контакты с казахстанскими коллегами, реализовывать какие-то совместные проекты в сельском хозяйстве, в переработке сельскохозяйственной продукции, производстве продуктов питания, в строительной отрасли, по другим направлениям.

Я думаю, что здесь есть большой потенциал для дальнейшего наращивания экономического сотрудничества двух стран в рамках тех договоренностей, которые достигнуты между главами наших государств.

Этот Договор о союзнических отношениях, безусловно, будет создавать правовую основу для дальнейшего роста, для дальнейшего развития наших экономических контактов, экономических отношений.

Құрметті әріптестер, сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы,

Сұрақтарым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Құрметті Арман Асқарұлы! Как известно, дипломатические отношения между Республикой Казахстан и Республикой Таджикистан были установлены еще в 1993 году. В 2015 году был подписан Договор о стратегическом партнерстве, который уже тогда закрепил высокий уровень двусторонних отношений и широкие направления сотрудничества.

В этой связи возникают логичные вопросы.

Почему подписание Договора о союзнических отношениях состоялось только сейчас, спустя почти 30 лет после установления дипломатических отношений и почти 10 лет после подписания Договора о стратегическом партнерстве?

Какие именно изменения стали основанием для перехода к новому формату взаимодействия?

Какие конкретные практические последствия этот переход будет иметь для сотрудничества между двумя государствами? Рақмет.

ТӨРАҒА. Исетов Арман Асқарұлы, жауап беріңіз.

ИСЕТОВ А.А. Рақмет.

Действительно, Договор о союзнических отношениях – это в первую очередь политический сигнал о том, что отношения между нашими странами стали более союзническими, более партнерскими. У нас таких соглашений немного, в основном соглашения с нашими региональными партнерами-соседями. Поэтому здесь это политический сигнал, что с Таджикистаном у нас налажены братские отношения.

В нем есть новые положения, которых нет в Соглашении о стратегическом партнерстве. В первую очередь это касается безопасности. Например, есть положение о том, что стороны не будут состоять в блоках, политически направленных против интересов сторон. Стороны будут проводить консультации в случае возникновения угрозы военного нападения одной из сторон. Есть новое положение о том, что стороны будут проводить более тесную работу по Договору о зоне, свободной от ядерного оружия, в Центральной Азии.

В целом, как отметил уважаемый Маулен Сагатханулы, это открывает новые перспективы для инвестиций, торгово-экономического сотрудничества, взаимодействия по всем направлениям между нашими двумя странами. Это базовая основа и доказательство того, что Республика Казахстан и Республика Таджикистан вышли на новый политический уровень – на уровень близких партнерских отношений.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Дархан Қуандықұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Заңның негізгі бағыттары мен мазмұны жөнінде әріптесім Дархан Қуандықұлы жан-жақты баяндап өтті.

Мен бұл құжаттың саяси және стратегиялық маңызына арнайы тоқталғым келеді. Бұл заң Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы ынтымақтастықты жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған аса маңызы шешім.

Аталған құжаттың ерекшелігі оның екіжақты қатынастарды одан әрі нығайтумен қатар, тұтастай алғанда Орталық Азия кеңістігіндегі тұрақтылықты, қауіпсіздікті және өзара сенімді күшейтуге қызмет ететіндігінде. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда өңірлік серіктестікті күшейту – еліміздің сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда Тәжікстанмен одақтастық қатынастарды институционалдық деңгейде бекіту уақыт талабынан туындаған орынды әрі маңызды қадам.

Қазақстан үшін Тәжікстан Орталық Азиядағы стратегиялық тұрғыдан маңызды және сенімді серіктес. Екі ел арасындағы тұрақты саяси диалог, жоғары деңгейдегі кездесулер

мен келіссөздер өзара түсіністік пен сенімнің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Сонымен қатар экономикалық ынтымақтастық та дәйекті түрде дамып келеді. Сауда-экономикалық байланыстардың кеңеюі, көлік-логистикалық бағыттардың дамуы, өнеркәсіп пен аграрлық сектордағы кооперация, мұның бәрі өңірлік экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды факторлардың қатарында.

Мәдени-гуманитарлық саладағы байланыстар да ерекше мәнге ие. Білім, ғылым және мәдениет бағытындағы ынтымақтастық халықтарымыздың арасындағы тарихи, рухани және өркениеттік жақындықты одан әрі нығайта түседі.

Бүгін талқылаудағы заңды тек екіжақты қатынастар аясындағы құжат деп қана қарастыруға болмайды, бұл – өңірлік тұрақтылықты нығайтуға, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және Орталық Азиядағы өзара тиімді ынтымақтастықтың берік негізін қалыптастыруға бағытталған стратегиялық маңызы бар қадам. Сондықтан аталған заң еліміздің ұлттық мүдделеріне толық сай келеді деп есептеуге болады. Осыған байланысты баршаңызды осы заңды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің алдарыңызға «Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Келісім саяси, экономикалық, құқықтық, гуманитарлық және экологиялық өзара іс-қимылдың негізгі қағидаларын бекітіп, қазақ-британ ынтымақтастығын сапалық жаңа деңгейге көтереді. Экономикалық тұрғыдан алғанда келісім инвестициялар тартуға, сауданы дамытуға және Қазақстан үшін басым секторларда, яғни энергетика мен жаңартылатын энергия көздері, тау-кен өнеркәсібі, жоғары технологиялар мен цифрландыру, қаржы қызметтері, ауыл шаруашылығы және орнықты су пайдалану бойынша бірлескен жобаларды іске асыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Ұлыбритания Қазақстан экономикасына 23 миллиард АҚШ долларынан астам тікелей инвестиция салған ірі инвесторлардың бірі болып отыр. Келісімді ратификациялау еліміздің болжамды құқықтық ортасы мен ашық бизнес жүргізу қағидаттары бар сенімді серіктес ретіндегі беделін нығайтады. Өңірлер үшін бұл капиталдың келуін, британдық компаниялармен және университеттермен тікелей ынтымақтастық орнату мүмкіндігін білдіреді.

Келісімде құқықтық ынтымақтастыққа ерекше назар аударылған. Құжат екі елдің сот және құқық қорғау органдары арасындағы өзара іс-қимылды дамытуға, құқық үстемдігі мен сот төрелігі саласында тәжірибе алмасуға, сондай-ақ өзара құқықтық көмек, сот шешімдерін орындау мәселелерінде үйлестіруді нығайтуға бағытталып отыр.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласында келісім бірлескен білім беру бағдарламаларын, британдық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуға, студенттер мен оқытушылар алмасуын кеңейтуге мүмкіндік береді. Құжат сондай-ақ бірлескен көрмелер мен фестивальдерді өткізуге, мұражайлар мен мұрағаттар арасында тәжірибе алмасуға жол ашады.

Экология, жасыл экономика және климаттың өзгеруіне бейімделу саласындағы ынтымақтастық та ерекше мәнге ие. Ұлыбритания климаттық технологияларды ілгерілету бойынша көшбасшылардың бірі болып саналады және бұл тәжірибе Қазақстанның 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсатында пайдалы болмақ.

Құрметті әріптестер! Аталған заң жұмыс тобының және комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті сіздерге «Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНИСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақтарым Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі Қазақстанның Еуропадағы негізгі саяси және сауда-экономикалық серіктестерінің бірі болып танылады. Біздің елдеріміз арасында тұрақты саяси диалог сақталуда, іскерлік байланыстар серпінді дамып нығайтылуда және де бірлескен жобалар іске асырылуда.

Арман Асқарұлы, осыған байланысты менің сізге сұрақтарым бар.

Қазақстан Республикасы мен Біріккен Корольдіктің арасындағы стратегиялық әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау Қазақстанның көп векторлы сыртқы саясатының стратегиясын қалай көрсетеді және ол қандай ұзақ мерзімді институционалдық салдарға әкеліп соғуы мүмкін?

Сонымен қатар Ұлыбританияның енді Еуропа одағына мүше емес екенін ескере отырып, жаһандық геосаяси қайта құру жағдайында Қазақстанның сыртқы экономикалық стратегиясы қалай өзгертін болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Арман Асқарұлы, жауап беріңіз.

ИСЕТОВ А.А. Сұрақтарыңызға рақмет.

Считаю, что ратификация данного соглашения полностью отвечает политики многовекторности Республики Казахстан. Все мы знаем, что есть Соглашение о расширенном партнерстве с Европейским союзом, участником которого была Британия, когда была частью Европейского союза. После ее выхода возникла необходимость сохранения наших взаимоотношений на том же уровне. В этой связи появилось предложение о заключении Соглашения о стратегическом партнерстве, тем самым Казахстан сохранил свою приверженность к сотрудничеству с Великобританией на том же уровне, когда Великобритания находилась в составе Европейского союза.

Касательно вопроса о том, какие есть институциональные механизмы. В рамках соглашения создан Форум стратегического партнерства, который будет так называемым координационным механизмом, который будет осуществлять координацию работы в рамках данного соглашения, будет проводить, я бы сказал, проверки, как выполняются положения данного соглашения.

Планируется, что в рамках данного механизма будут создаваться соответствующие подкомитеты и органы, которые будут работать по отраслевым направлениям. То есть данный механизм создается на долгосрочную перспективу, который будет координировать полностью работу в рамках реализации обеими сторонами данных положений этого соглашения.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрағым Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Мына жерде Ұлыбританиямен жасалған келісімдер екі ел арасындағы экономикалық, іскерлік және гуманитарлық байланыстарды кеңейтіп, өзара ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашып отыр. Әрине, бұл серіктестіктің біздің азаматтарымыз үшін де нақты әрі әсерлі сезілетін игіліктерге әкелуін біз де қалаймыз.

Бүгінде Ұлыбритания азаматтары Қазақстанға 30 күнге дейін визасыз кіре алады, бұл шешім іскерлік белсенділікті арттыруға, туризмнің дамуына және мәдени байланыстардың нығаюына оң әсерін тигізуде. Алайда осы ретте белгілі бір теңгерімсіздік байқалады. Ұлыбритания тарапы Қазақстан азаматтары үшін визалық режимді сақтап отыр, оның үстіне сапарлар мен транзиттің жекелеген санаттары – бизнес өкілдері, студенттер мен зерттеушілер үшін қойылатын талаптар әлі де күрделі сипат алуда. Азаматтарымыздың пікірінше, ол британдық визаны рәсімдеу кезінде мұқият тексерулердің көптігі, визалық офицерлердің жоғары талаптарымен және қаржылық кепілдіктердің қатандығымен

ерекшеленуде. Тіпті кей жағдайларда бұл талаптар Шенген аймағы визасын алудан да күрделірек деп бағалануда. Осыған байланысты сұрақ туындап отыр.

Біздің азаматтар үшін визалық рәсімдерді кезең-кезеңімен жеңілдету мақсатында британдық тараппен нақты қандай да бір келіссөздер, болмаса бір жүйелі жұмыстар сіздердің тараптарыңыздан бүгінде жүргізіліп жатыр ма? Осыны айтып кетсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Арман Асқарұлы, жауап беріңіз.

ИСЕТОВ А.А. Сұрағыңызға рақмет.

Действительно, дисбаланс есть, он присутствует. К сожалению, британская сторона в последнее время, наоборот, ужесточила требования в миграционном плане и миграционную политику в целом. Но с нашей стороны этот вопрос постоянно находится на повестке дня наших двусторонних переговоров, мы постоянно поднимаем этот вопрос.

С моей точки зрения, именно ратификация данного соглашения дает нам еще одну хорошую основу для обсуждения и продвижения этого диалога. Мы видим этот процесс пошагово, в первую очередь облегчение визового режима для студентов, профессорско-преподавательского состава, официальных делегаций, бизнеса. В этом направлении работа ведется. Она ведется в рамках переговоров, консультаций с британскими коллегами, в рамках профильных ведомств, а также в рамках встреч на уровне министерств иностранных дел, встреч послов и так далее. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақтарым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Ағымдағы жылдың ақпан айында Лондонда өткен кездесуде қазақстандық және британдық тараптар сауда мен инвестициялар, маңызды минералдар, көлік және логистика, цифрландыру, білім беру, сондай-ақ климаттық күн тәртібі салаларындағы ынтымақтастықты терендету бағытын растады. Бұл ретте ақпараттық кеңістікте келісімді ратификациялау арқылы серіктестікті саяси диалог деңгейінен нақты қолданбалы нәтижелерге ауыстыру керектігі баса айтылды. Осыған байланысты менің бірқатар сұрақтарым бар.

Келісімді ратификациялағаннан кейін Қазақстан қысқа және орта мерзімді кезеңде қандай нақты экономикалық нәтижелерге қол жеткізуді жоспарлап отыр және олар қандай тетіктер арқылы қамтамасыз етіледі?

Сонымен қатар соңғы екі-үш жылдағы Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы сыртқы сауда айналымының көлемі қандай және ол негізінен экономиканың қай салаларында жүзеге асырылып жатыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Арман Асқарұлы, жауап беріңіз.

ИСЕТОВ А.А. Сұрақтарыңызға рақмет.

Действительно, в феврале текущего года состоялся визит Министра иностранных дел Республики Казахстан Ермека Беделбаевича Кошербаева в Лондон. Обсуждался широкий спектр вопросов, в том числе подписана Дорожная карта по редкоземельным металлам, подписаны меморандумы по университетскому сотрудничеству.

В целом ратификация данного соглашения, как я уже отмечал, дает нам базовую основу для того, чтобы от политического диалога переходить в практическое пространство. Не секрет, что наши европейские партнеры с опасением подходят к партнерству в Центральной Азии, если эти взаимоотношения не урегулированы в международном правовом плане. То есть ратификация Соглашения о стратегическом партнерстве создает основу для дальнейшего продвижения диалога в практическом плане по всем направлениям отраслевого сотрудничества.

Что касается нашего товарооборота, в принципе, он стабильный. В 2023 году товарооборот составлял 1,2 миллиарда долларов. Просадка у нас была только в 2024 году (886 миллионов долларов) за счет снижения экспорта из Казахстана. В прошлом году у нас было резкое увеличение (1,6 миллиарда долларов) объема товарооборота. С нашей стороны в основном сырье и редкозем, сырая нефть, редкоземельные металлы, со стороны Британии – автомобили и автомобильные запчасти, строительная и дорожная техника, алкогольная продукция и фармацевтические товары.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Большерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресуются представителю Министерства иностранных дел.

Великобритания традиционно является одним из крупнейших инвесторов в экономику Казахстана. Кроме упомянутых сфер взаимного сотрудничества, регулярно обсуждается взаимодействие в энергетическом секторе, прежде всего в сфере зеленой энергетики, сейчас еще в сфере цифровизации, искусственного интеллекта.

По оценкам Министерства иностранных дел, хотелось бы узнать. Каковы перспективы углубления сотрудничества с такими транснациональными компаниями, как «Shell» и «BP», которые представлены в нашем нефтяном секторе прежде всего?

Речь сегодня идет только о сохранении их присутствия в сырьевом секторе? Или обсуждаются вопросы дальнейшего углубления технологического сотрудничества, локализации технологий, переработки и подготовки казахстанских кадров? Рақмет.

ТӨРАҒА. Арман Асқарұлы, жауап беріңіз.

ИСЕТОВ А.А. Сұрақтарыңызға рақмет.

Действительно, по компании «Shell», как известно, в феврале была информация о том, что компания планировала приостановить свое присутствие в Казахстане. Вместе с тем, как я уже упоминал, на переговорах Министра иностранных дел в Лондоне данная информация не подтвердилась.

Более того, в марте была информация о том, что Министерство энергетики и компания «Shell» заключили новый контракт, если не ошибаюсь, по геологоразведке в Актюбинской области. Этот контракт рассчитан до 2032 года. Все это показывает, что компания «Shell» сохраняет свое присутствие в Казахстане и намерена дальше работать, заключив контракт по геологоразведке. Я думаю, что присутствие этой компании в Казахстане сохраняется.

По компании «BP». В Лондоне также состоялись с ними переговоры. Буквально недавно появилась информация о том, что компания «КазМунайГаз» и компания «BP» заключили соглашение о геологоразведке на Устюртском участке Мангистауской области. То есть компания «BP» также возобновляет свое присутствие. После определенного отсутствия в Казахстане компания «BP» проявляет заинтересованность в присутствии в Казахстане. Участие в геологоразведке на этих месторождениях показывает интерес обеих компаний в присутствии в нашей стране.

Естественно, в рамках переговоров с нашими партнерами в энергетической сфере, да и в целом с европейскими партнерами, мы всегда обращаем внимание на то, что Казахстан заинтересован в технологиях, обучении кадров, производстве товаров с добавленной стоимостью и локализации производства у нас в стране. Это у нас приоритет в рамках обсуждения двусторонних вопросов с нашими европейскими партнерами, в том числе и с этими компаниями.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Геннадий Геннадиевич. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Бүгін қаралып отырған заң Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания арасындағы стратегиялық әріптестікті жаңа деңгейге көтеретін маңызды қадам.

Бұл құжат біздің көпвекторлы сыртқы саясатымыздың нақты көрінісі. Ол Қазақстанның халықаралық аренадағы сенімді серіктес ретіндегі ұстанымын нығайта отырып, ұлттық мүдделерімізді тиімді ілгерілетуге бағытталған.

Экономикалық тұрғыдан алғанда Ұлыбритания еліміздегі ірі инвесторлардың бірі. Аталған келісім инвестициялық ынтымақтастықты кеңейтіп, жаңа жобаларды іске асыруға қосымша серпін береді.

Көлік-логистика бағытында Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыруға, халықаралық дәліздердегі орнын күшейтуге мүмкіндік ашады. Бұл еліміздің өңірлік хаб ретіндегі рөлін бекемдей түсетін маңызды фактор.

Цифрландыру және инновациялар саласында озық технологияларды тарту, цифрлық инфрақұрылымды дамыту көзделген. Бұл экономиканың сапалы өсіміне тікелей әсер ететін бағыт. Сонымен қатар жасыл даму, экология, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері де келісімде өз көрінісін тапқан. Бұл біздің ұзақ мерзімді ұлттық басымдықтарымызға толық сәйкес келеді.

Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, академиялық ұтқырлықты дамыту адами капиталдың сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы бұл заң қосымша қаржылық міндеттемелер жүктемейді, керісінше экономикалық өсімге, технологиялық жаңғыруға және жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Құрметті әріптестер, осыны ескере отырып аталған заңды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қазақстан халықаралық аренада көпвекторлы, сындарлы және белсенді саясат жүргізіп келеді. Осы ретте бүгін қаралған заңдар да елімізді бейбітсүйгіш әрі ашық мемлекет, орта держава ретінде айқындай түседі. Атап айтқанда, бауырлас Тәжікстан елімен мемлекетаралық байланысымыз жаңа одақтастық қатынас деңгейіне көтеріліп отыр. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігімен қатынастарымыз да стратегиялық сипатқа ие болды. Алдағы уақытта бұл құжаттар аталған елдермен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға тың серпін береді деп сенеміз.

Осы заңдар бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Үкімет басшысы Бектенов мырзаға жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Бүгінгі таңда «Қорғас» шекара маңы кластері Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асырудағы негізгі буын және «Нұрлы жол» мен «Бір белдеу, бір жол» бағдарламалары аясындағы маңызды «қақпа» болып саналады. «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймақтың қызметін және шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының мүмкіндіктерін біріктіре отырып, бұл торап Транскаспий халықаралық көлік бағытының негізін қалыптастырады.

Ресми статистикалық деректерге сәйкес 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы:

жүк тасымалы көлемі рекордтық 30 миллион тоннадан асты. Бұл ретте «Алтынкөл – Қорғас» теміржол өткелі арқылы 16,1 миллион тонна жүк тасымалданды;

автокөлік тасымалы сегментінде үш жыл ішінде 2,5 есе өсім тіркелді;

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы арқылы жолаушылар ағыны 9,9 миллион адамды құрап, тарихи ең жоғары деңгейге жетті. Алайда оң макроэкономикалық көрсеткіштерге қарамастан, ағымдағы жылғы наурыз айында өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық

даму және кәсіпкерлік комитетінің көшпелі отырысы барысында бірқатар шешімін талап ететін мәселелер анықталды. Инфрақұрылымдық шектеулер, отандық тасымалдаушылар үшін тең жағдайлардың болмауы және іргелес аумақтағы әкімшілік кедергілер арнайы экономикалық аймақ жұмысының тиімділігін төмендетіп қана қоймай, өз кезегінде мемлекеттің транзиттік кірістерінің төмендеуіне әкеліп отыр. Атап айтқанда, «Нұр жолы» кеден бекетінің инфрақұрылымдық шектеулері. Аталған бекеттің шамадан тыс жүктелуі «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының дамуына кері әсерін тигізуде. Бүгінгі таңда жүк ағыны толықтай бір бекетке шоғырланған, бұл тасымалдау тиімділігін төмендетіп, жүк жөнелтушілерді көрші мемлекеттер арқылы айналма бағыттарды пайдалануға мәжбүрлеуде. Сонымен қатар «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы мен Қорғас ауылындағы ескі кеден бекетінің әлеуеті, жол инфрақұрылымының белгілі бір бөлігі дайын бола тұра толық пайдаланылмай отырғаны көлік ағындарының тиімділігіне кері әсерін тигізуде.

Кездесу барысында мемлекеттік шекараны кесіп өту кезінде Қазақстан Республикасының жүргізушілері үшін қолайсыз шарттар қалыптасып отырғаны атап өтілді. Атап айтқанда, Қытай тарапынан Қазақстан жүргізушілерінің көліксіз немесе толық жүктемесіз шығуына тіпті шұғыл жағдайларда да шектеу қойылады. Бұл өз кезегінде азаматтарымызды визасыз болу мерзімін бұзуға және қосымша ақы төлеп виза рәсімдеуге мәжбүрлеуде. Бұдан бөлек Қытай Халық Республикасының шекаралас аумағында жүрген Қазақстан азаматтары күтпеген, тосын жағдайлар болып қалған кезде жедел консулдық көмекке қол жеткізе алмай отыр. Қазақстанның консулдық орталығы Қорғастан 700 шақырым жердегі Үрімші қаласында орналасқан. Сондай-ақ визасыз режим енгізілгеннен кейін жеңіл автокөліктердің кіру тәртібінде Қытай аумағына кіру үшін қазақстандықтардан автокөлік құнының 40 пайызы мөлшерінде сақтандыру депозитін енгізу және медициналық сақтандыруды рәсімдеу талап етіледі. Бұл ретте Қытай автокөліктеріне Қазақстанда мұндай талаптар қойылмаған.

Жоғарыда аталған барлық фактілер азаматтар, сондай-ақ бизнес-қоғамдастықтар арасында елеулі алаңдаушылық туғызып отыр. Жоғарыда аталған мәселелерді шешу мақсатында келесі шараларды қарастыруды сұраймыз.

Бірінші. Қытай Халық Республикасының Қорғас қаласында Қазақстан Республикасы консулдығының бөлімшесін орналастыру мәселесін қарастыру.

Екінші. Екі ел арасында кіріп шығатын автокөліктер үшін заңнамалық деңгейде тең талаптар енгізу.

Үшінші. Үкіметаралық деңгейде қазақстандық жүргізушілерге шекараны жүк көлігімен де, онсыз да еркін кесіп өту құқығын беру мәселесін пысықтау, Қытай Халық Республикасының тарапынан «жүксіз шықпау» талаптарын алып тастау.

Төртінші. «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің тізбесіне енгізу мәселесін қарастыру және Қазақстан мен Қытайдың арнайы экономикалық аймақтары арасында тікелей теміржол және автожол салу жобасына бастама жасау. Бұл көлік ағындарын қайта бағыттауға және «Нұр жолы» өткізу пунктіндегі жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Депутаттық сауалға қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Сауалдың толық нұсқасы жазбаша жіберіледі.

Құрметпен Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшелері және депутат З. Кузиев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Есбай Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ЕСБАЙ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Елімізде инклюзивті және сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы тұрғыда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың, соның ішінде көру қабілеті бұзылған балалардың сапалы білім алуына, толыққанды дамуына және қоғамға тең дәрежеде кірігуіне жағдай жасау мәселесі аса өзекті.

Ұлттық білім беру дерекқорының мәліметтеріне сәйкес психологиялық-педагогикалық консультация есебінде 235 мың ерекше білім беру қажеттілігі бар бала тіркелген. Соның ішінде көру қабілеті бұзылған балалар саны 6 мың 328, оның ішінде 6 мың 20 бала нашар көретін, ал 308 бала көзі көрмейтін балалар. Көру қабілеті бұзылған балалар арнайы мектептер мен балабақшаларда, арнайы сыныптар мен топтарда, сондай-ақ жалпы білім беретін ұйымдарда инклюзивті білім беру жағдайында білім алуда. Қазіргі таңда елімізде көру қабілеті бұзылған балалар 16 арнайы мектепте, 12 арнайы балабақшада, 115 арнайы сыныпта, 90 арнайы топта білім мен тәрбие алуда. Бірақ осы арнайы мектеп, балабақша, сыныптар мен топтарда білім алып жатқан көздері нашар көретін тәрбиеленушілер мен оқушылардың ірі қаріппен жазылған оқулықтар мен қосымша оқу құралдары, көрнекіліктер мен арнайы сызықтары бар дәптерлермен қамтамасыз етілуі қаншалықты жеткілікті және арнайы сыныптардың материалдық-техникалық базасының сапалы икемділігі, медициналық, педагогикалық және әлеуметтік қолдаудың бір жүйеге біріктірілу мәселелері осы депутаттық сауалдың негізгі тақырыбы болып отыр.

Көру қабілеті – баланың қоршаған ортаны тануының, оқу материалын меңгеруінің, кеңістікте бағдарлануының және әлеуметтік қарым-қатынасының негізгі арнасы. Оның бұзылуы баланың тек оқу үлгеріміне ғана емес, психологиялық жай-күйіне, денсаулығына, болашақ кәсіби және әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер етеді.

Көру функциясы айтарлықтай төмендеген балалар санатына көру өткірлігі оптикалық түзету арқылы 0,05 – 0,2 деңгейінде сақталған нашар көретін балалар жатады. Бұл балаларда қалдық көрудің сақталуы олардың білім алуына, танымдық және әлеуметтік дамуына үлкен мүмкіндік береді. Алайда бұл мүмкіндікті іске асыру үшін көру қабілетін сақтау мен тиімді пайдалануға бағытталған арнайы білім беру, медициналық және психологиялық-педагогикалық жағдайлар қажет.

Ғылыми деректерге сәйкес нашар көретін балаларда қабылдау баяу, бөлшектенген, елестету тұрақсыз, кеңістікте бағдарлану қиындаған. Олар көру арқылы жұмыс істегенде тез шаршайды, көздің шамадан тыс талуы көру қабілетінің одан әрі нашарлауына, ойлау және физикалық жұмыс қабілетінің төмендеуіне әкеледі.

Жоғарыда аталғандардың ішінде ең өзекті әрі жүйелі шешімін таппаған мәселенің бірі – көру қабілеті бұзылған балаларды, әсіресе нашар көретін оқушыларды ірі қаріппен жазылған оқулықтармен, арнайы дәптерлермен және бейімделген оқу құралдарымен толық қамтамасыз ету болып отыр. Мысалы, бүгінгі таңда көзі нашар көретін балаларға арналған үлкейтілген қаріппен жазылған қажетті оқулықтардың жартысынан көбі жоқ, дайындық сыныбына қажетті бес оқулықтың бірде-бірі жоқ. Бірінші сыныпта 12 оқулықтың ішінен 5 оқулық, екінші сыныпта 12 оқулықтың ішінен 8 оқулық, үшінші сыныпта 13 оқулықтың ішінен 9 оқулық жоқ. Осылайша он бірінші сыныпқа дейін көптеген оқулықтар жоқтың қасы.

Қазіргі таңда елімізде:

бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінде ірі қаріппен жазылған оқулықтар мен оқу құралдары толық әзірленбеген;

арнайы сызықтары бар дәптерлер, көрнекілігі күшейтілген оқу құралдары жүйелі түрде қамтылмаған;

оқу материалдары көбінесе стандартты форматта ұсынылады, бұл нашар көретін балалардың көруіне шамадан тыс күш түсіріп, оқу үлгерімінің төмендеуі былай тұрсын, көру қабілетінің одан әрі нашарлауына әкеледі.

Осыған байланысты көру қабілеті бұзылған балалардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету мақсатында Үкімет деңгейінде төмендегі нақты шараларды қарастыруды ұсынамыз.

1. Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлері үшін нашар көретін балаларға арналған ірі қаріппен жазылған жоқ оқулықтарды әзірлеу және оларды мемлекеттік тапсырыс аясында жүйелі түрде енгізу.

2. Арнайы сызықтары бар дәптерлерді, көрнекілігі күшейтілген оқу құралдарын және қосымша дидактикалық материалдарды әзірлеу және орталықтандырылған түрде қамтамасыз ету.

3. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің бірыңғай ұлттық стандартын әзірлеу.

4. Мамандандырылған және инклюзивті білім беру ұйымдарының офтальмологиялық және тифлотехникалық жабдықтарын жаңарту.

5. Оқу процесінде көру жүктемесін реттеуге арналған нормативтік талаптарды күшейту және оның орындалуын бақылау.

6. Тифлопедагогтар, психологтар және дефектологтармен қамтамасыз ету және оларды даярлау мен қайта даярлау жүйесін жетілдіру.

Аталған мәселелердің жүйелі түрде шешілуі көру қабілеті бұзылған балалардың денсаулығын сақтауға, білім сапасын арттыруға, мүгедектік деңгейін төмендетуге және олардың қоғамға толыққанды бейімделуіне мүмкіндік береді деп санаймыз.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жазбаша жолданды».

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Премьер-Министрге жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Соңғы жылдары Қазақстанда жеткізу және жолаушылар тасымалы саласында цифрлық платформалар арқылы жұмыспен қамту қарқынды дамып келеді. Жүздеген мың азамат үшін курьерлік қызмет пен такси қызметі негізгі табыс көзіне айналды. Сараптамалық бағалаулар бойынша шамамен 394 мыңға жуық азамат онлайн-платформалар, яғни Яндекс, InDrive, Wolt, Glovo және басқа сервистер арқылы белсенді еңбек етеді. Жұмыспен қамтудың негізгі үлесі тағам жеткізу қызметіне және такси саласына тиесілі. Бұл платформалық жұмыспен қамтудың еңбек нарығындағы үлесінің едәуір екенін көрсетеді.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 9 миллион 320 мың адам жұмыспен қамтылған, олардың шамамен 24 пайызын, 2 миллион 200 мыңын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен бейресми жұмыспен қамтығандар құрайды.

2024 – 2025 жылдары 2 мың 770 міндетті әлеуметтік төлем жасалып, олардың жалпы көлемі 10,6 миллиард теңгеден асты, яғни цифрлық экономиканы дамыту барысында жаңа жұмыспен қамту форматтарын құқықтық реттеу және платформалық жұмыскерлердің еңбек құқықтарын барынша қорғау қажеттілігі күннен-күнге артып отыр.

Бүгінде платформалық орындаушылардың табысы болғанмен олардың құқықтық мәртебесі әлі де толық айқындалмай келеді. Аталған сектордың қарқынды дамуына қарамастан орындаушылардың құқықтарын шектейтін келесідей өткір мәселелерді атап көрсету қажет.

Біріншіден, платформалар салық агенті ретінде төлемдерді уақытылы ұстағанмен техникалық қателіктер салдарынан азаматтарға негізсіз берешектер мен өсімпұлдар есептелуде. Кейбір деректерге сәйкес 20 мыңнан астам орындаушы мемлекеттік ақпараттық жүйелердің (салық, әлеуметтік төлемдер) дұрыс жұмыс істемеуінен зардап шеккенін жеткізуде. Бұл мемлекетке деген сенімді азайтып, азаматтарды «көлеңкелі» табысқа итермелейді.

Екіншіден, орындаушылар «тәуелсіз серіктес» ретінде тіркелгенімен іс жүзінде алгоритм арқылы қатаң бақыланады (кесте, тариф, рейтинг). Бұл еңбек қатынастарының нақты белгілері болса да азаматтар демалыс, аурухана парағы және еңбек қауіпсіздігі сияқты базалық кепілдіктерден тыс қалған.

Үшіншіден, нақты еңбек нормалары мен ең төменгі/жоғарғы сағаттық төлемнің жоқтығынан орындаушылар 12-16 сағатқа дейін жұмыс істеп жататыны аян, әсіресе қалааралық алыс жолдарда такси жүргізушілері шамадан тыс шаршағандықтан ұйқыны басу үшін энергетикалық сусындарды жиі тұтынатыны белгілі. Бұл олардың денсаулығына ғана емес, жол қауіпсіздігіне де үлкен қатер төндіреді.

Төртіншіден, платформалар азаматтардың жұмыс жасауға арналған интернет аккаунттарын ескертусіз бұғаттайды, ал оны шағымданудың немесе сотқа дейін реттеудің құқықтық тетігі жоқ.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде реттеудің теңгерімді моделін қалыптастыру үшін келесі шараларды қарастыруды сұраймыз.

1. Цифрлық және салықтық инфрақұрылымды реттеу:

мемлекеттік жүйелер мен платформалар арасындағы интеграцияны ретке келтіріп, ақпараттық қателіктерден туындаған барлық негізсіз берешектер мен өсімпұлдарды автоматты түрде жою тетігін енгізуді қарастыру;

салықтық жүктемені жеңілдету үшін әлеуметтік төлемдерді есептеу кезінде шығындарды (жанармай, көлік жөндеу) шегеріп тастау әдістемесін де қарастыруды ойластыру.

2. Құқықтық мәртебе және тарифтік кепілдіктер:

платформалық жұмыстың ерекшеліктерін ескеретін жеке заңнамалық акт әзірлеуді. Онда «тәуелсіз қызметкер» мәртебесін бекітіп, еңбек режимін қатаң бақылауға ала отырып жүргізушілердің демалыс уақытын заңнамалық деңгейде реттеп және ең төменгі/жоғары сағат төлемі стандарттарын енгізуді қарастыру;

орындаушыларды жұмыс кезіндегі жазатайым оқиғалардан (жол-көлік оқиғасы, жарақат және тағы басқа) сақтандырудың жолдарын міндетті ұжымдық сақтандыру платформаларымен бірлесе отырып қарастыру;

платформалардың тапсырыс беру принциптерін ашуға және аккаунттарды бұғаттау шешімдерін адамның қатысуымен қайта қарауға мүмкіндіктер қарастыру;

дауларды сотқа дейін реттеудің тиімді тетігін құру бағытында орындаушылардың кәсіби қауымдастықтарға бірігу және платформа иелерімен тарифтер бойынша ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын заңмен қарастыруды ойластыру.

Құрметті Олжас Абайұлы! Аталған мәселенің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын ескере отырып Үкіметтен осы бағыттағы нақты заңнамалық ұсыныстарды енгізуді және заңға сәйкес жоғарыда баяндалған мәселелер бойынша толық жазбаша жауап берулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен Б. Жексенбай, А. Қаппарова, А. Нұғманов, Ғ. Сарыбаев, А. Сатвалдиев, Б. Орынбасаров». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2026 жылғы 16 сәуір

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Договора о союзнических отношениях между Республикой Казахстан и Республикой Таджикистан», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Д.Қ. ҚЫДЫРӘЛІНІҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности КЫДЫРАЛИ Д.К. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АРҒЫНБЕКОВА А.С. 2

ИСЕТОВ А.А. – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, заместитель Министра иностранных дел Республики Казахстан 3

АҚҚОЖИНА Б.Б. 3

БЕКЕНОВ Н.Ж. 4

ИСЕТОВ А.А. 5

САТВАЛДИЕВ А.Г. 5

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о стратегическом партнерстве и сотрудничестве между Республикой Казахстан и Соединенным Королевством Великобритании и Северной Ирландии», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Г.Г. ШИПОВСКИХДІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности ШИПОВСКИХ Г.Г. 6

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЖҮНІСОВ Т.Т.	7
ИСЕТОВ А.А. – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, заместитель Министра иностранных дел Республики Казахстан	8
АРУБАЕВ С.Қ.	8
ИСЕТОВ А.А.	9
ҚОЖАЕВ М.Ш.	9
БОЛЬГЕРТ Е.А.	10
ИСЕТОВ А.А.	10
ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н.	11

Депутат С.Т. АЛДАШЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АЛДАШЕВА С.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. 12

Депутат А.Г. ЕСБАЙДЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЕСБАЯ А.Г. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. 14

Депутат Б.Н. ЖЕКСЕНБАЙДЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. 15

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева